

Аязбаев М., Олейченко С.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

БҮЛДІРГЕН АНАЛЫҚ ӨСІМДІКТЕРІНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІНІҢ ӨСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы, Талғар ауданы жағдайында бүлдірген аналығын тыңайту бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу нәтижесінде бүлдіргеннің аналық өсімдіктеріне тыңайтқыштардың жаңа түрлері – Amiheart пен Route енгізу өсімдіктердің жер асты және жер беті бөліктерінің мөлшерлерін арттыратындығы және мұртшалар санын жоғарылататындығы анықталды. Бұл өз кезегінде аналықтардың өнімділігіне оң әсер етеді және аталған тыңайтқыш түрлерінің бүлдірген отырғызу материалдарын өсіруде пайдаланудың келешегі мол екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: бүлдірген, аналық, бейтарап күннің сорттары, тыңайтқыш, мұртша, отырғызу материалы.

Кіріспе

Жидек дақылдарының жеміс дақылдары мен жүзімнің құнды сорттарынан айырмашылығы – оларды республиканың барлық дерлік аумағында өсіруге болатындығы. Еліміздегі жидек дақылдарының ауданы қазіргі таңда 9 мың гектардың шамасында және түптеп келгенде Қазақстан халқын өзіндік дәруменді өніммен, ал өңдеуші өнеркәсіпті бағалы шикізаттармен қамтамасыз ете алады. Алайда, жидектердің негізгі аудандары негізінен үй маңы мен саяжай бөлшектерінде және тауарлылығы төмен деңгейде өсіріледі. Қазіргі кезде қалыптасып алған фермерлік және шаруа қожалықтары табысты және қайтарымды тез беретін дақылдарға қызығушылық тудыруда, ал жидек дақылдары болса солардың қатарына жатады. Осы себептен соңғы жылдары өнеркәсіптік алқаптар ауданы өсе бастауда.

Қазіргі уақытта жоғарғы сапалы мен олардың отырғызғаннан кейінгі күйзелістерді жылдамырақ өткеретін отырғызу материалына байланысты болатын алқаптардың тезірек жеміс беруі технологиялық тұрғыдан алғанда өзекті болып саналады. Негізгі жидек дақылы болып саналатын бүлдірген Қазақстанда негізінен дәстүрлі биологиялық сипаттамаларға ие және отырғызғаннан кейінгі екінші жылы жеміс салатын сорттармен өсірілуде. Бүлдіргеннің бейтарап күнгі сорттары АҚШ-та 20 жылдан, ал жаңа буынның сорттары 10 жылдан уақыт астам бұрын шығарылған. Олардың шет елдерде таралуы 2000 жылдардың басында ғана басталды. Осындай биологиялық ерекшелігі олардан отырғызған жылы және екінші жылы маусымнан тыс өнім алуға мүмкіндік береді [1, 2]. Соңғы жылдары жылдың жылы кезеңдерінің барлығында жеміс беруді қамтамасыз ететін бейтарап күннің сорттары интродукцияланды және іріктелінді. Осындай сорттарды өсіру технологиясын құрастыру Қазақстанның оңтүстік-шығысында шаруа және фермерлік қожалықтарға маусымнан тыс дәруменді өнімді өндіруге мүмкіндік береді, бұл салынған қаражаттың қайтарымын айтарлықтай дәрежеде жылдамдатады [3].

Зерттеу нысандары мен әдістемесі

Зерттеулер 2014 жылы Алматы облысы, Талғар ауданында орналасқан «Агроуниверситет» ОТШ жағдайында жүргізілді.

Зерттеу нысандарына - бүлдіргеннің бейтарап күнгі, күйзеліске жоғары төзімділік қасиетке ие «Чезена» сорты, тыңайтқыштардың жаңа түрлері – Amiheart, Route және Rosasol.

Тәжірибе сұлбасы

Нұсқалар:

1. Сумен өңдеу (бақылау);

2. Amiheart тыңайтқышымен өңдеу;

3. Route тыңайтқышымен өңдеу.

Тәжірибе қайталанымы - 3 мәрте, есептелетін үлескінің көлемі - 10 м².

Жұмыстың мақсаты – бұлдіргеннің бейтарап күнгі сорттары өсімдіктерінің жоғарғы сапалы отырғызу материалдарын алу мақсатында аналық өсімдіктерге тыңайтқыштардың жаңа түрлерінің әсерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

2014 жылы зерттеу бағдарламасына сай бұлдірген дақылымен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұлдіргенмен жүргізілген тәжірибелерде тыңайтқыштардың жаңа түрлерімен өңдеудің өсімдіктердің шаруашылық-биологиялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіндігі байқалды.

Зерттеліп отырған тыңайтқыштардың барлық түрінің бұлдірген өсімдігінің регенеративті потенциалының өзгеруі мен вегетативті дамуына әсер ететіндігі анықталды (кесте 1). Яғни, бақылаумен салыстырғанда Amiheart тыңайтқышын беру аналық өсімдіктердегі тамырлардың жалпы ұзындығын – 30,9%-ға арттырса, ал Route тыңайтқышын енгізу кезінде бұл көрсеткіш – 112,4%-ға артты. Сәйкесінше, тамыр аймақтары көлемі 31,7 және 44,3%-ға ұлғайған.

Тамырлардың көлемі артуы әдетте олардың ылғалды салмағының артуына да әсер етеді. Біздің зерттеулерімізде бір өсімдіктегі тамырлардың ылғалды салмағы Route тыңайтқышын берген нұсқада бақылаумен салыстырғанда айтарлықтай (22,6%) жоғарылағаны байқалды. Бұл өз кезегінде корреляция заңына сәйкес өсімдіктердің жерүсті бөліктерінің де артуына себеп болды. Яғни, бақылаумен салыстырғанда Amiheart тыңайтқышын беру кезінде өсімдіктердің жерүсті бөліктерінің салмағы 5,2%-ға, ал Route тыңайтқышын енгізу кезінде 10,2%-ға ауырлағандығын көрсетеді.

Мұндай оң өзгерістерді тыңайтқыштардың жаңа түрлерінің сіңімділігі мен олардың құрамдас бөліктерінің өсімдіктің бойындағы физиологиялық үрдістердің жүруіне оң әсер ететіндігімен түсіндіруге болады [2].

Кесте 1 - Тыңайтқыштардың бұлдіргеннің жерүсті бөлігі мен тамыр жүйесінің дамуына әсері

Нұсқалар	Бақылау	Amiheart	Route
Көрсеткіштер			
Тамырлар саны, дана/өс.	9,1	12,6	15,6
Тамырлардың ұзындығы, см/өс.	83,7	109,6	177,8
1 тамырдың орташа ұзындығы, см	9,2	8,7	11,4
Тамыр аймағы көлемі, см ³	90,3	118,9	130,3
Тамырлардың ылғалды салмағы, г/өс.	3,1	3,2	3,8
Жерүсті бөлігінің ылғалды салмағы, г/өс.	3,8	4,0	4,2

Вегетация соңындағы өсімдіктердің дамуын бақылаулар бұлдірген аналықтарына тыңайтқыштардың жаңа түрлерін енгізудің осы кезеңдеде әсері болатындығын байқатты. Сыналып отырған нұсқаларда өсімдік биіктігі жоғары болды. Жапырақтар саны мен ауданы бойынша да бақылау нұсқасының көрсеткіштері Amiheart және Route тыңайтқыштарын енгізген нұсқалардан төмен болды. Сәйкесінше, 1 өсімдіктегі жапырақ ауданы 12,8% бен 39,2%-ға артық болды (кесте 2). Мұны кейбір жапырақтардың вегетация соңына дейін толық өнбегендігімен, ал тыңайтқыш енгізілген нұсқалардағы жапырақтардың біркелкі және жақсы өсіп-өнуімен түсіндіруге болады.

Кесте 2 - Бүлдіргеннің вегетативті мүшелерінің өсуіне тыңайтқыштардың әсері

№	Зерттеу нұсқалары	Биіктігі, см	Жапырақтар саны, дана/өс.	1 жапырақтың ауданы, см ²	Жапырақ ауданы, см ² /өс.	Мұртшалар саны	
						дана/өс.	мың дана /га
1	Бақылау	5,1	12,2	8,5	103,7	3,7	273,0
2	Amiheart	5,7	13,3	8,8	117,0	4,7	329,0
3	Route	5,5	16,6	8,7	144,4	5,5	385,0

Жерүсті бөліктерінің қалыптасуы дәрежесі өз кезегінде өсімдіктегі мұртшалар санына әсер етті. Яғни, мұртшалар саны бақылаумен (273,0 мың дана/га) салыстырғанда Amiheart тыңайтқышын енгізген нұсқада 27,0%-ға (329,0 мың дана/га), ал Route тыңайтқышын енгізген нұсқада 41,0%-ға (385,0 мың дана/га) жоғары болды.

Қорытынды

Бүлдіргеннің бейтарап күнгі сортарымен қойылған аналық өсімдіктерге тыңайтқыштардың жаңа түрлері – Amiheart пен Route енгізген кезде өсімдіктердің жер асты (22,6%) және жер беті (5,2-10,2%) бөліктерінің мөлшерлері, гектардағы мұртшалар саны (27-41%) артатындығы анықталды. Бұл өз кезегінде аналықтардың өнімділігіне әсер етеді және Amiheart және Route тыңайтқыштарының бүлдірген отырғызу материалдарын өсіруде пайдалануда келешегі мол екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Pritts M., Dale A. What is dayneutral strawberry /Daynewral strawberry production duid. Inform bulletin. №215. – New Jork state college of agriculture and life sciences, -1989. p 1-9.
2. Butter B. Strawberry management recommendation (matted ROW), -Commercial Small Fruit. Production duid, -Maryland, 2002. – p. 33-34.
3. Отчет о НИР по теме Разработка высокоэффективных и экологически безопасных технологий возделывания плодово-ягодных культур. - Алматы, 2008.

Аязбаев М., Олейченко С.Н.

ВЛИЯНИЕ НОВЫХ ВИДОВ УДОБРЕНИЙ НА МАТОЧНЫХ РАСТЕНИЙ ЗЕМЛЯНИКИ

На статье приведены результаты исследований по удобрений маточника земляники в условиях Талгарского района, Алматинской области. В результате исследований установлено, что внесение новых видов удобрений – Amiheart и Route под маточных растений повышает параметры надземных и подземных частей растений, а также увеличивает количества усов. В своей очереди, это влияет положительно на урожайность маточников и показывает перспективность использования указанных видов удобрений при выращиваний посадочных материалов земляники.

Ключевые слова: земляника, маточник, сорта нейтрального дня, удобрение, усы, посадочный материал.

THE IMPACT OF NEW TYPES OF FERTILIZERS ON PLANTS OF QUEEN CELLS STRAWBERRY

On article presents the results of research on fertilizer strawberry queen cells under Talgar district, Almaty region. A result of researches established that the Adding new types of fertilizers - Amiheart and Route under queen cells increases parameters overground and underground parts of plants, and also increases the number of whiskers. In a queues, this has a positive impact on productivity and queen shows promising use of these types of fertilizer when growing strawberries planting materials.

Keywords: strawberry, queen cells, day-neutral varieties, fertilizer, mustache, planting material.

ӘОЖ: 634.7:631.54

Аязбаев М., Олейченко С.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА ОТЫРҒЫЗУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ БҮЛДІРГЕНДІ КӨБЕЙТУГЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы, Талғар ауданы жағдайында бүлдірген дақылын көбейтуде отырғызу мерзімдерінің көбейту материалдарының тамырлануына, өсіп-өнуіне, сапасы мен өнімділігі әсерін анықтау бойынша 2014 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Жүргізілген зерттеулер сәуір айында отырғызылған аналықтардан жоғарғы сорттағы көшеттер мол алынатындығы және бүлдірген аналықтарын ерте көктемде 0,9 x 0,225 м сұлбамен отырғызған тиімді екендігі анықталған.

Кілт сөздер: бүлдірген, көбейту, отырғызу материалы, отырғызу мерзімі, сапа, өнімділік.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік-шығысы, оның ішінде Алматы облысы бақ шаруашылығы үшін жеткілікті түрде: оңтайлы топырақ құрамы, белсенді температуралар жиынтығы, жылдық жауын-шашын мөлшері, мерзімді қар жабыны сияқты қолайлы агроклиматтық ресурстарға ие.

Қазақстанда жидектіктер соншалықты көп емес, оның ішінде қазіргі уақытта өндірісінің тұрақты тиімділігіне ие бүлдіргеннің үлесі тіптен аз мөлшерде. Бүлдірген – шөптектес және бұталы өсімдіктердің ортасында аралық жағдайдағы мәңгі жасыл бұташа (шағын көпжылдық өсімдік). Бүлдіргеннің өте ерте жеміс салуы, қартаюы, жекелеген мүшелерінің өлуі және шаруашылық құнды белгілерін жоғалтуы басқа да жидек дақылдарынан айтарлықтай ерекшеліктері болып саналады. Қоректену сипаты бойынша бүлдірген көпжылдық өсімдіктерге келеді, яғни өркендері мен тамырларында крахмал мен басқа да органикалық қосылыстардың мол қорын жинақтайды. Мұртшалары арқылы қоректі заттарды саркуы келесі жылғы өнімділікті күрт төмендетеді. Бүлдірген – бірден-бір ерте өнім беретін дақылдардың бірі, оның азықтық заттардың рационындағы маңызын бағалау өте қиын. Қазақстанның оңтүстік-шығысында бүлдіргенді өсіру бойынша бірқатар жетістіктерге қарамастан, осы бір құнды дақылдың өндірісі аймақтағы әр тұрғынына шаққандағы мөлшері бірнеше есе төмен.